

Өткен күні «10» маусым 2026 жыл

Тәрбиешілерге №3 КЕҢЕС

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар негізінде тұлға қалыптастыру және баланың жетістіктерін қолдау»

Мақсаты:

Балаларды ұлттық құндылықтарға баулу арқылы олардың адамгершілік, рухани және әлеуметтік қасиеттерін дамыту, тұлғалық қалыптасуына ықпал ету және әр баланың жетістігін қолдау мен бағалаудың тиімді жолдарын қарастыру.

Кіріспе

Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен тәрбиелік тәжірибесі. Баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру оның туған жеріне, тіліне, еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастырып қана қоймай, тұлға ретінде жан-жақты дамуына негіз болады.

Мектепке дейінгі кезең – ұлттық тәрбие берудің ең қолайлы уақыты. Осы кезеңде бала үлкендердің іс-әрекетін қайталайды, ұлттық дәстүрлермен танысады және қоғамдағы мінез-құлық нормаларын меңгереді.

Ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі маңызы

Ұлттық құндылықтар арқылы балада:

- Отанға деген сүйіспеншілік;
- Үлкенді құрметтеу;
- Кішіге қамқор болу;
- Адалдық пен жауапкершілік;
- Еңбекқорлық;
- Мейірімділік пен ізгілік;
- Өз мәдениетіне деген мақтаныш сезімі қалыптасады.

Ұлттық тәрбие алған бала өз халқының тарихын, мәдениетін құрметтейді және қоғамда өз орнын табуға ұмтылады.

Балабақшада ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары

1. Ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу

Тіл – ұлттың басты құндылығы.

Тәрбиеші:

- Балалармен қазақ тілінде еркін сөйлесуге жағдай жасауы;
- Мақал-мәтелдерді қолдануы;
- Жұмбақтар мен жаңылтпаштарды үйретуі;
- Халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалануы қажет.

Бұл жұмыстар баланың тілдік қорын байытып, ұлттық дүниетанымын қалыптастырады.

2. Салт-дәстүрлермен таныстыру

Балаларға жас ерекшелігіне сай ұлттық дәстүрлер туралы түсінік беру қажет.

Мысалы:

- Бесікке салу;
- Тұсау кесу;

- Шашу;
 - Наурыз мерекесі;
 - Қонақ күту дәстүрі.
- Салт-дәстүрлер арқылы балалар халқымыздың мәдениеті мен тәрбиелік құндылықтарын меңгереді.

3. Ұлттық ойындарды пайдалану

Ұлттық ойындар баланың дене, ақыл-ой және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Ұлттық ойындар:

- «Асық ату»;
- «Арқан тарту»;
- «Сақина салу»;
- «Орамал тастау»;
- «Ақ серек, көк серек».

Ойын барысында балалар ұйымшылдыққа, ептілікке және достыққа тәрбиеленеді.

4. Ұлттық өнерге баулу

Балаларды ұлттық өнермен таныстыру олардың эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Жұмыс түрлері:

- Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін бейнелеу;
- Домбыра үнімен таныстыру;
- Ұлттық киімдерді көрсету;
- Халық әндері мен күйлерін тыңдату.

Баланың әлеуметтік дамуын қолдау

Әлеуметтік даму – баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау қабілетінің қалыптасуы.

Әлеуметтік дамуы жақсы қалыптасқан бала:

- Өз ойын еркін жеткізеді;
- Құрдастарымен достық қарым-қатынас орнатады;
- Топ ережелерін сақтайды;
- Қоғамдық ортаға бейімделеді.

Тәрбиеші баланың әрбір жетістігін байқап, қолдап отыруы қажет.

Баланың жетістігін бағалау және қолдау

Әр баланың даму қарқыны әртүрлі. Сондықтан жетістіктерді бағалау кезінде баланың жеке мүмкіндіктерін ескеру маңызды.

Қолдау көрсету тәсілдері

Мадақтау

Баланың өзіне деген сенімін арттырады.

Мысалы:

- «Жарайсың!»
- «Өте жақсы орындадың!»
- «Сенің қолыңнан келеді!»

Жетістік бұрышы

Балалардың суреттерін, қолөнер жұмыстарын көрмеге қою арқылы олардың жетістіктерін көрсету.

Марапаттау

- Алғыс хаттар;
- Мадақтамалар;
- Жұлдызшалар;
- Мақтау белгілері.

Бұл әдістер баланың ынтасын арттырады.

Инклюзивті ортада жетістікті қолдау

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың да жетістіктері міндетті түрде атап өтілуі керек.

Тәрбиеші:

- Баланың шағын жетістіктерін де бағалауы;
- Басқа балалармен салыстырмауы;
- Жеке даму динамикасына назар аударуы қажет.

Әр баланың жетістігі – оның алға жасаған маңызды қадамы.

Ата-анамен бірлескен жұмыс

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда отбасының рөлі ерекше.

Ата-аналармен жұмыс түрлері:

- Ашық есік күндері;
- Отбасылық мерекелер;
- Ұлттық дәстүрлерге арналған іс-шаралар;
- Шеберлік сағаттары;
- Кеңестер мен әңгімелер.

Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы тәрбие нәтижесін арттырады.

Қорытынды

Ұлттық құндылықтар – тұлға тәрбиесінің берік негізі. Баланың бойына ұлттық мәдениет пен рухани мұраны сіңіру арқылы біз оның адамгершілік қасиеттерін, отансүйгіштік сезімін және әлеуметтік белсенділігін қалыптастырамыз.

Әр баланың жетістігін уақытында байқап, қолдау көрсету оның өзіне деген сенімін нығайтып, болашақта табысты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

«Ұлттық құндылықпен сусындаған ұрпақ – ел болашағының кепілі».